

А.С.Оразбаева¹
¹аға оқытушы, пед.г.магистрі
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ЖАС ҰРПАҚТЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ҚОШЕМЕТ СӨЗДЕР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Аңдатпа

Мақалада адамның адамгершілігі-оның жоғары қасиеті, былайша айтсақ, отбасында, қоршаған ортада, балалар бақшасында, мектепте, адамдардың іс-әрекетінің барысында бір-бірімен араласуы нәтижесінде, қоғамдық тәжірибе алуын өмірмен байланыстыру арқылы қалыптасатыны жайлы жазылған. Оның негізгі белгілерінің бірі - адамдық ар-намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылу, соған дайын болу. Біздің ортамызда осы сапаларды бойына сіңіріп қана қоймай, өзін қоршаған ортаға таратушы, осындай өз сапаларымен жас ұрпақты тәрбиелеуші ұстаздар аз емес екенін айта келіп, оларды қошемет сөздер арқылы шетел тілі сабақтарында қолдану арқылы тәрбиелеуге шақырады.

Осыған орай қошемет сөздер қай халықтың болмасын ұлт болып қалыптасқанынан бері, сол ұлтпен біте қайнасып, жасап келеді. Қазақ елінің мағыналы ой берер қаншама қошемет сөздер барын бәріміз де жақсы білеміз. Қошемет сөздер - сөздік құрамның халық өміріндегі әрқилы кезеңдерді, қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтын, көңілдегі ойды шебер де ұғымды жеткізетін, қысқа да нұсқа тұжырым жасайтын, мән-мазмұнның бай бөлігі. Демек, халық өмір шындығын, көңілге түйгенін қошемет сөздер ретінде өз ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған.

Рухани-адамгершілік тәрбиесінде қошемет сөздер арқылы алдымен баланы тек жақсылық пен қайырымдылыққа, мейірімділік пен ізгілікке тәрбиелелеуге, соны мақсат тұтуға, ұстаздың да ата-ананың да қосатын үлесі зор екендігі айтылады.

Түйін сөздер: Ұғым, адамгершілік, патриот, ар-ождан, тәлім – тәрбие, парасатты, зерделеу, этнос, рухани, ізгілік, қошемет, кәсіби біліктілік, қанатты сөз, нақыл сөз, тұрақты тіркестер, ар-ұят, намыс, сенім, сыпайылық, әдептілік, жауапкершілік, сезімталдық, адалдық, қайырымдылық, құрметтеу, халықтық педагогика.

А.С.Оразбаева¹
¹Старший преподаватель, магистр педагогики
Казахский национальный женский педагогический университет
г.Алматы, Казахстан

ВОСПИТАНИЕ МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ К ДУХОВНОМУ ЧЕЛОВЕЧЕСТВУ ЧЕРЕЗ КОМПЛЕМЕНТЫ

Аннотация

В статье описывается мораль человека - это высокое качество, которое формируется, так сказать, в семье, в среде, в детском саду, в школе, в результате взаимодействия человека в процессе человеческой деятельности, связывающего социальный опыт с жизнью. Одна из его главных черт - уважение к человеческому достоинству, желание всегда делать добро, быть готовым к этому. Он отметил, что в нашем обществе есть много учителей, которые не только усваивают эти качества, но и распространяют их на окружающую среду, обучая молодое поколение такими качествами, и побуждают их учиться с помощью слов на уроках иностранного языка.

В связи с этим комплименты были связаны с любой нацией с момента ее образования как нации. Все мы знаем, сколько слов похвалы казахскому народу. Похвала является

богатой частью словарного запаса, который ярко описывает различные этапы жизни людей, взаимоотношений и социальных явлений, умело передает идею и делает краткий вывод. Таким образом, люди подают пример своим потомкам как комплимент реалиям жизни и чувств.

Похвала в духовно-нравственном воспитании подчеркивает, что и учитель, и родители вносят значительный вклад в воспитание ребенка только добротой и благотворительностью.

Ключевые слова: Понятие, человечность, патриот, совесть, воспитание, разумный, этнос, духовность, добродетель, похвалы, профессионализм, крылатые слова, пословицы, регулярные выражения, совесть, честь, доверие, вежливость, порядочность, ответственность, чуткость, честность, доброта, уважение, народная педагогика.

A.S.Orazbaeva¹

*¹Senior Lecturer, Master of Pedagogy
Kazakh National Women's pedagogical University
Almaty, Kazakhstan*

EDUCATING OF YOUNG GENERATION TO SPIRITUAL HUMANITY THROUGH COMPLIMENTS

Abstract

The article describes that human morality is a high quality that is formed, so to speak, in the family, in the environment, in kindergarten, at school, as a result of human interaction in the process of human activity, connecting social experience with life.

One of its main features is respect for human dignity, a desire to always do good, to be prepared for it. He noted that in our society there are many teachers who not only assimilate these qualities, but also extend them to the environment, teaching the younger generation these qualities, and encourage them to learn with the help of words in foreign language lessons.

In this regard, compliments have been associated with any nation since its inception as a nation. We all know how many words of praise the Kazakh people. Praise is a rich part of the vocabulary, which vividly describes the various stages of people's lives, relationships and social phenomena, skillfully conveys the idea and draws a brief conclusion. Thus, people set an example to their descendants as a compliment to the realities of life and feelings.

Praise in spiritual and moral education emphasizes that both the teacher and the parents make a significant contribution to the education of the child only in goodness and kindness, and virtue.

Key words: Notion, humanity, patriot, conscience, upbringing, reasonable, ethnos, spirituality, kindness, praise, professional qualification, winged words, proverbs, regular expressions, conscience, honor, trust, courtesy, decency, responsibility, sensitivity, honesty, goodness, respect, pedagogy.

Еліміздің қарқынды дамуының болашағы жас ұрпақ тәрбиесімен тығыз байланысты. Бәсекеге қабілетті, алдыңғы шептегі елу елдің қатарына көтерілу білім жүйесін жаңаша құруды қажет етеді. Бұл мәселе тек оқыту технологияларын қолданумен шектелмейді, ең бастысы өз Отанының азаматын тәрбиелеу болып табылады. Болашақтың қауымына үлкен жауапкершілік жүктейді. Білім мен тәрбие егіз ұғымдар. Мектепті білім тірегі десек, ұстаз – оның жүрегі. Адамның адамгершілік жағынан қалыптасуы оның өз елінің патриоты болуын талап етеді, ал мұның өзі белгілі дәрежеде ұлттық дәстүрлерді, ұлттық ережелерді мақтанышты, ар-ожданды жақсы білу деген сөз.

Адамгершілік қасиеттері отбасында, қоршаған ортада, балалар бақшасында, мектепте, адамдардың іс-әрекетінің барысында бір-бірімен араласуы нәтижесінде, қоғамдық тәжірибе алуын өмірмен байланыстыру арқылы қалыптасады. Халықта: “Ұяда не көрсең, ұшқанда

соны ілерсің” деген мақал бар. Тәлім – тәрбие болмаған жерде адамгершілік мәдениеті мен қасиеті де қалыптаспайды.

Адамның адамгершілігі - оның жоғары қасиеті, былайша айтсақ, кісілігі. Оның негізгі белгілерінің бірі - адамдық ар намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылу, соған дайын болу. Біздің ортамызда осы сапаларды бойына сіңіріп қана қоймай, өзін қоршаған ортаға таратушы, осындай өздерінің жоғары сапаларымен жас ұрпақты тәрбиелеуші ұстаздар аз емес. Адамгершілігі мол адам - басқаларға қашан да үлгі-өнеге бола біледі[1].

Осы орайда бабамыз Әбу-Насыр Әл-Фарабидің “Адам алдымен ойлы, парасатты болуға, ақыл-ойдың жан-жақты дамуына көңіл бөлуі қажет. Шын мағынасындағы білімділік – тамаша адамгершілік сипат”- деген ұлағатты пікірін мойындай отырып, жас ұрпақты білім нәріне қандыру да педагогтық парыз екенін ұмытпағанымыз абзал [2].

Қазақ, ағылшын халықтарында әйелді, ананы, қызды құрметтеу асамаңызды фактор екендігі белгілі: М.Жұмабаев *«Әйел-Ана барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, тірліктің қайнар бұлағы»* десе, А.С.Пушкин *«Ата-бабасын сыйламау - азғындықтың белгісі»* деп айтып кеткен. ...Ана жүрегін сезе біл, оның жанарындағы шапағат пен тыныштықты, бақыт пен қуанышты, алаңдаушылық пен мазасыздықты, абыржу мен ренішті көре біл. Егер сен бала кезіңнен анаңның көзінен оның жан дүниесін көре білуді үйренбесең, адамгершілік жағынан өмір бойы тәрбиесіз болып қаласың.

«Адамның қалыптасуы бала кезден басталады. Жақсылық та адам бойына нақ сол бала кезде егіледі. Ол жылдар өте келе, өніп шығады. Жақсылық ұрығының өніп шыққаны немесе оны жамандықтың арамшөптері басып кеткені сонда ғана белгілі болады» [2].

Осыған орай қошемет сөздер арқылы жас ұрпақты сыпайы сөйлеуге, жақсы тәлім-тәрбиеге үйрете аламыз. Қазақ елінің мағыналы ой берер қаншама қошемет сөздер барын, сондай-ақ қай халықтың болмасын ұлт болып қалыптасқанынан бері, сол ұлтпен біте қайнасып, жалғасып келе жатқан үрдіс екенін білеміз. Қошемет сөздер - сөздік құрамның халық өміріндегі әрқилы кезеңдерді, қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтын, көңілдегі ойды шебер де ұғымды жеткізетін, қысқа да нұсқа тұжырым жасайтын, мән-мазмұнның бай бөлігі. Демек, халық өмір шындығын, көңілге түйгенін қошемет сөздер ретінде өз ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған. Тіл мәдениетін сақтап дұрыс сөйлей алу адамның кәсіби біліктілігінің міндетті талабы. Анық әрі түсінікті айтылған сөз және дұрыс қойылған дауыс әңгімелесуші адамға көрсетілген құрмет болып табылады. Жақсы дауыс адамның жақсы қылықтары мен дұрыс киіне білу қабілеті сияқты басқа адамдарды еріксіз өзіне тартады[3]. Осындай сырт келбеттің өзі жақсы тәрбие бола алады.

Қошемет сөздер тобына ұлағат сөздерді де атауға болады: Атап айтсақ: Бала тәрбиесі мен ата-ананы сыйлау тақырыбындағы ұлағат сөздер: Абай атамyzдың

- *“Баланың жақсысы - қызық, жаманы – күйік”* десе, ал А.С.Макаренконың - *“Сіз ұлыңызды немесе қызыңызды тек өсіру үшін немесе ата-аналық қуанышыңыз үшін ғана тәрбиелеп жатқан жоқсыз. Сіздің отбасыңызда және сіздің басшылығыңызда болашақ азамат, болашақ қайраткер және болашақ күрескер өсіп келеді”* деген.

- *“Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. - “Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа”!*

- *“Жер бетіндегі жақсылық, ізгілік, қайырымдылық атаулының бәрі де ананың ақ сүтінен тарайды”* деп тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың айтуы да тегін сөз емес екені анық [4].

Шетел тілі сабағында келесі қошемет сөздердің түрін қолдана білсек, мәселен өтініш жасауға бағытталған түрінен бастасақ сабағымыздың жоғары деңгейде өтетіні хақ. Яғни біреуге өтініш жасау арқылы, оған қолыңыздан келмейтін нәрсені жасауға шақыратын қошемет сөздер. Мәселен, «сен гүлді жақсы орайсың, маған бір қорабын дайындауға көмектесе алмайсың ба?», «сен суретті керемет саласың, маған әдемі бір сурет салып берші»

деген секілді өтініштер жатады. Байқап отырсыз ба, сіз өтінішті жай ғана айтып қойған жоқсыз, қайта оған қошемет айта отырып, сұранып тұрсыз. Ал қошемет сөзді дұрыс, орынды пайдалану сіздің сабақтағы нәтижеңізді көрсетсе, оның абыройын асқақтатар еді.

Сондай-ақ шетел тілін оқытуда қошемет сөздерді қолдануда кейс тапсырмаларды қолдану тиімдірек болады. Оқушылардың танымдық қабілетін жағдаяттық тапсырмалар арқылы дамытып, олардың сыни тұрғысынан ойлау қабілетін де қатар дамытуға болады. Көптеген ғалымдардың айтуы бойынша сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалуы шарт делінген.

- сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт керек;
- оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру қажет;
- әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдауы тиіс;
- үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;
- сын тұрғысынан ойлауды бағалап отыру [5].

Ал ағылшын тілінде қошемет сөздің ең бір жиі және оңай қолданылатын түрлері мақтау қошемет сөздер. Олар айтылған кезде сөздің мәнін ұғыну аса маңызды және оны қабылдасаңыз, айтып тұрған адамның тұжырымына, ой қорытуына сенім білдіресіз. Қабылдау – оның сөзін бағалайтыныңызды көрсетеді. Тіпті дәл қандай сөздер айту керектігін қарастырып көрейік. Әдетте ағылшындар үшін ‘Thanks a lot, thank you, that’s great’ сөздері күнделікті өмірде қолданыла береді. Қазақ тілінде «*Көп рақмет*» немесе жәй ғана «*рақмет*» сөздері ылғи да қолданыла бермейді. Бірақ мағыналары бірдей. Бұл сөздерді әртүрлі жағдайда қолдансақ болады. Тіпті мақтау сөзді елеусіз естіп қалғаныңызда осы сөздерді айтуыңызға болады. Ал мақтау айтып, қойған бағаңызды айтып қуантқан оқушыға да құрмет көрсету керек болса, мынадай сөздер сізге көмектесе алады.

«*Рақмет, мұндай сөз естігеніме қуаныштымын*». - *Thanks to hear from you.*

«*Рақмет, көңіл-күйімді көтердіңіз*». - *Thank you, it is very pleasant.*

«*Рақмет, мен үшін бұл үлкен құрмет*». - *Thank you, this is great pleasure for me.*

«*Рақмет, сіз сондай жақсы адамсыз*». - *Thank you, you are very kind, It’s kind of you.*

Мысалы бұдан басқа да жауап беру түрлері бар: «*Рақмет. Қуаныштымын. Байқағаныңызға алғыс білдіремін*». *Thank you, I’m very happy. Thank you for your attention!*

«*Бұл жобаға өзімнің де қызығушылығым болды. Көңілімді көтергеніңізге рақмет*».

I’m interested in this question. Бұл сөздер сіздің әлденені шын беріліп жасаған кезде айтылатын мақтау сөздерге жақсы жауап бола алады. Мақтау сөз айтылғанда күлімсіреу керек. Сіздің бір ғана күлімсірегеніңіз сіз туралы сондай-ақ алдыңыздағы оқушыңызға және сабағыңызға да жағымды әсерін тигізеді. Ал егер мақтау сөз айтылғанда «ол жағы маңызды емес» ‘It’s not matter’ немесе «ммм...» -‘OK’дей салсаңыз, алдағы уақыттарда мұндай сөздердің айтылатынын күтпей-ақ қойса да болады [6].

Тағы бір түрі қошемет сөздердің адамның жасаған жұмысына, оның еңбегіне, талабы мен талантына айтылады. Оның жұмысын бағалай отырып мақтау, жемісін көргенін айтып өту жақсы дүние. Бұл жағдайда айтылатын қошемет сөздер: «*Жарайсың, жақсы еңбектендің! Сен болмасаң не істер едім?*», «*Сен ең керемет оқушысың!*», «*Сен біздің ең ақылды оқушымызсың!*» деген сынды қошемет сөздер адамның еңбегін бағалауға үлкен әсерін тигізе алады. Мысалы: *Great Answer! Жауабыңыз керемет!, Star Work! Керемет жұмыс!, Very Brave! Немкен батырлық!, Thank You For Caring! Қамқорлығыңызға рақмет!, You're So Kind! Сіз қандай меірімдісіз!, That's Perfect! Ғажан, Extra Special Work! Жұмысыңыз ерекше!*. Негізінде шетел тіліндегі қошемет сөздердің құрамында сыпайы сөздер жиі кездеседі.

Ал мынадай *I'm so sorry, I beg your pardon, I'm sorry, I can't, I'm glad to see you, Thank you anyway, Not at all, Thank you in advance, Don't mention it, May I help you?, You are welcome, No problem/ that's ok/son't worry about it, After you* [7] деген сияқты сөз тіркестерін қолданып, күнделікті сабағымызды өткізсек, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын одан әрі арттырар едік.

Ал оқушылардың қошемет сөздер арқылы танымдық қабілетін дамытуда жаңа технологияларды модульдік оқыту, ойын арқылы оқыту, жеделдетіп оқыту, яғни тілді дамыту, шоғырландырып қарқындап оқыту, жеке тұлғаға бағдарландырып оқыту, интерактивті оқыту, сонымен қатар сабақ барысында оқушының топпен жұмыс жасауда бірін-бірі толықтыратын, барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқытулардың көмегі өте көп болады. Мұндай оқытудың тәсілдері оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту, белсенділігін анықтаумен қатар, оқу үдерісінде оқушыны қызықтырып қана қоймай, пәнге ынталандырады[3].

Ойын-тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұзартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтіп, тәрбиелейді.

Сабақтың тақырыбы мен мазмұны неғұрлым сәйкес алынса, соғұрлым оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін тартымдылығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында. Адам уақытпен бірге адымдайды, уақытпен бірге өмір сүреді. Болашақ еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі оқушылар. Біз оларды қалай тәрбиелесек ертеңгі Қазақстан сол деңгейде болады.

Тәрбие өмір бойы үздіксіз жүретін болса да, қазақ халқы жетелеген тұлғаның сипатын “Сегіз қырлы бір сырлы “ деген бір ауыз сөзге сыйғызып, түйіндеген. Адам санасы үш түрлі құрамнан тұрады, ол ақыл-ой, сезім, ерік. Осыған орай оның санасында адам жаратылысының қай сипаты басым болса, оның өмірдегі ізденісі мен ұмтылысы да соны бейнелейді.

Қошемет сөздер халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл-өнегесі мен даналығы мол көрініс тапқан, ой дәлдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді.

Қошемет көп жағдайда үлгі, өнеге, өсиет айтуға байланысты құрылады. Сондықтан да оқушыларға құрбыларының арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға тәрбиелеу, айналасындағы адамдарға тілеулес, ізгі ниеттерін дамытуға көмектеседі[8].

Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылық пен қайырымдылыққа, мейірімділік пен ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың да ата-ананың да болашағы зор болмақ.

Бұл үш қасиет әркімнің өз құдайы. «Өз құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгенмен тең» деген екен. Шындығында бұл ақиқат. Олай болса, жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу - адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты.

Осы орайда қошемет сөздерді шетел тілі сабағында көптеп қолдансақ қоғам мен бала тәрбиесінде рөлі аса зор болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әлімбаев М. Тәрбие туралы әңгімелер / М. Әлімбаев– А. Ғылым, 1979ж.
2. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар — талапшаң мұғалім еншісі // Бастауыш мектеп. 2011. № 4.
3. Құлжанова. Н. Ойын мақсатын талдау және ойын мәні// Қазақстан мектебі. 2001.- №1.
4. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы-Астана, 2012ж.
5. Махмутов М.И. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру.-А., 1981ж.
6. Қазақ қошемет сөздері. Құрастырған: Ж. Дәуренбеков – А., 2001ж
7. Пассов Е.И. Урок иностранного языка в средней школе.-Москва: Просвещение, 1988ж.
8. Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдер. – А., 2003ж.